

МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ «Ә» тобындағы балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастырудың циклограммасы
II апта (5 - 9 қазан 2020 жыл)

Бекітемін:

Оқу ісі жөніндегі орынбасары:  Аманшеева А.Ж

Тәрбиеші: Бурунбаева М.Ж

Өтпелі тақырып: «Менің отбасым»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 05.10	Сейсенбі 06.10	Сәрсенбі 07.10	Бейсенбі 08.10	Жұма 09.10
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен кене кенес, әңгімелесу.	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Баланың мектепке келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. Ата-аналармен баланың денсаулығы, үйдегі күн тәртібі, баланы тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелесу.				
Танертенгі жаттығу	Танертенгі жаттығу кешені №3				
Ойындар, (үстел үсті, саусақ жаттығулары)	Дидактикалық ойын: «Бұл қандай құс?»	Дидактикалық ойын: «Қайсысы қайда тіршілік етеді?»	«Үлкен аяқтармен жолмен жүру»	қозғалмалы ойын «Қоянды шомылдыру» жаттығуы	«Саусақтар қыдыруға шықты» жаттығуы
Мектеп кестесі бойынша ҰОҚ	<p>1. Сауат ашу негіздері Тақырыбы «Н» дыбысы мен әрпі Мақсаты: Айтылу ерекшеліктеріне байланысты [н] дыбысының дауыссыз дыбыс екенін өздеріне анықтату. Н әрпімен таныстыру Енді тақтадағы суретке қараңдар, ненің суретін көріп отырсыңдар? (Нан). -Ендеше «нан» деп бірнеше рет қайталайық. Бірінші қандай дыбыс құлағымызға естіліп тұр? Дұрыс айтасыңдар, бүгінгі өтетін жаңа дыбысымыз – «Н». Тыйым сөздер: Нан уағын тастама. Жұмбақ шешу: Өзі үлкен жануар, Үстінде тауы бар (нар) Нар сөзінде бірінші қандай</p>	<p>1. Математика негіздері Тақырыбы: 5,6 сандары және цифрлары Мақсаты: 5 және 6 сандарының құрылуымен және 5 және 6 цифрларымен таныстыру. 1-6 көлеміндегі сандарды тура және кері санау. Заттарды саны бойынша салыстырып, олардың реттік нөмірін атау. Педагог ҰОҚ-ға ертегі кейіпкерлерін шақыруды ұсынады. Алдымен 4 әртүрлі ертегікейіпкерлерін шығарып, рет-ретімен санауды ұсынады. Одан кейін ҰОҚ-ға тағы бір кейіпкердің жүгіріп келгенін хабарлайды. «Енді кейіпкерлер нешеуе болды?» деген сұраққойылады. (Бес).</p>	<p>1. Сауат ашу негіздері Тақырыбы «Н» дыбысы мен әрпі Мақсаты: Айтылу ерекшеліктеріне байланысты [н] дыбысының дауыссыз дыбыс екенін өздеріне анықтату. Н әрпімен таныстыру Енді тақтадағы суретке қараңдар, ненің суретін көріп отырсыңдар? (Нан). -Ендеше «нан» деп бірнеше рет қайталайық. Бірінші қандай дыбыс құлағымызға естіліп тұр? Дұрыс айтасыңдар, бүгінгі өтетін жаңа дыбысымыз – «Н». Тыйым сөздер: Нан уағын тастама. Жұмбақ шешу: Өзі үлкен жануар,</p>	<p>1. Құрастыру Тақырыбы: Жәндіктер Мақсаты: Жәндіктерді сурет арқылы таныстырып, түсінік беру. Ағаштардың жапырақтарымен жәндіктерді құрастыруға білімдерін кеңейту. Ұйымшылдықпен, қызығушылықпен жұмысты соңына дейін жасай білуге тәрбиелеу. Педагог жәндіктерге арналған жұмбақтарды жасырады. Гүл ұшып гүлге қонады, Гүл бақшам гүлге толады. (Көбелек) Екі басы жұдырықтай, Ортасы қылдырықтай. (Құмырсқа) Үстіндегі көйлегі Түрлі-түсті не керек, Қызықтырар көргенді. Мұның аты... (Көбелек)</p>	<p>1. Өзін-өзі тану: Тақырыбы: «Мен және менің отбасым» Мақсаты: «Отбасы» құндылығының маңыздылығын ашу Жылулық шеңберіне жиналу. Ән салуға барамыз, Досымызды табамыз. Сәлемет пе, міне, мен! Доспын енді сенімен. Балалар, отбасы дегенді қалай түсінесіңдер? Балалар жылулық шеңберіне жиналып, өлең жолдарын қайталап айтады. Балалар өз ойларын айтады. -Балалар, қалай ойлайсыңдар, жылы сөздерді сендерге кімдер</p>

<p>дыбыс естіледі? Н дыбысы. «Н» – дауыссыз үнді дыбыс</p> <p>Сергіту сәті; Нан уағын шпшпаңдар Жерде жатса бсапаңдар Теріп алып қастерлеп, Торғайларға тастаңдар. «А-на», «нан» сөздерін салыстыра айтқызу арқылы буынға бөлгізіп, «нан» сөзінің буынға бөлінбейтінін түсіндіреді. Жұмыс дәптерді орындату,балаларға көмектесу,қорытындылау, мадақтау.</p> <p>2.Жаратылыстану Тақырыбы: Ағаштың бұтадан айырмашылығы қандай? Мақсаты: Ағаштардың бұтақтарын тануға, бұтақтарды қабығынан, бүршіктерінің ерекшеліктерінен, иісінен ажыратуға үйрету. Түрлі зерттеушілік әрекеттерді саралап қабылдауды қалыптастыру. Балаларға сұрақ қою: Күзде гүлдер гүлдей ме?-жок Күзде саңырауқұлақтар шыға ма?-жок Бұлт күннің көзін баса ма?-иә Тікенекті жел бола ма?-жок Күзде тұман бола ма?-иә Құстар күзде ұя сала ма?-жок Күзде өнім жинай ма?-иә Жаңбыр жиі жауа ма?-иә Өмірде көргендерін пайдалана отырып, білгенімен бөліседі: Өсімдіктер үш топқа бөлінеді: ағаштар, бұталар және шөптер. Ағаш – тірі табиғаттағы ең ірі және ұзақ тіршілік ететін өсімдік. Олардың кейбірінің биіктігі</p>	<p>саны 5 болды? (5 дегеніміз – 4 және тағы 1). Ертегі кейіпкерлерін санайды. 1-тапсырма .Неше моншақ бейнеленгенін санаймыз.Бұл сан 5 цифрымен белгіленеді.5 цифрын табамыз.балалар үстелдерде 5 моншақтан дөңгелектер құрастырады.Оларға тағы біреуін қосуды ұсынады.Енді неше моншақ болғанын қайта санаймыз(алты). 2-тапсырма.6 моншақты бастыру және бояймыз. 3-тапсырма.Саусақтармен сызық бойымен жүргізу.Цифрларды ермексаздан жасау. Сергіту сәті: 4-тапсырма.5-6 цифрын тауып бояу. 5-тапсырма.Вагондар саны 5 және 6 болуы үшін тағы вагондарды жапсыру.Сандарды санау арқылы қорытындылау,мадақтау.</p> <p>2.Сөйлеуді дамыту: Тақырыбы: Менің атам Мақсаты: Жаңа сөздерді сөздік қорына қосу. Отбасы мүшелерін сыйлауға, тыңдауға үйрету. Әже, аталарға, қарт адамадрға деген сүйіспеншілігін арттыру. Оларды сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу. Е.Өтетілеуұлының «Бес саусақ» өлеңін педагог мәнерлеп оқиды. Басбармағым – атам, үйдің данасы, Балаң үйрек-әжең,ошақ анасы, Ортақ терек,әкем –отау панасы. Шылдыр шүмек-шешем шаңырақ ажары, Титтей бөбек –мен,бәрінің базары. -Өлеңнің атадан басталуы бекер емес.Өйткені ата беделі әкеден де жоғары.Өйткені атаның өмірлік</p>	<p>Үстінде тауы бар (нар) Нар сөзінде бірінші қандай дыбыс естіледі? Н дыбысы. «Н» – дауыссыз үнді дыбыс</p> <p>Сергіту сәті; Нан уағын шпшпаңдар Жерде жатса бсапаңдар Теріп алып қастерлеп, Торғайларға тастаңдар. «А-на», «нан» сөздерін салыстыра айтқызу арқылы буынға бөлгізіп, «нан» сөзінің буынға бөлінбейтінін түсіндіреді. Жұмыс дәптерді орындату,балаларға көмектесу,қорытындылау, мадақтау.</p> <p>2.Көркем әдебиет: Тақырыбы: Шаруа мен аю Мақсаты: Ертегіні оқып беру.Кейіпкерлердің бейнесін дұрыс аша білуге дағдыландыру. Өз ойларымен ертегі құрастыра алуға қызығушылықтарын ояту. жұмбақ жасырады: Балпаң-балпаң басады, Қыр-жотадан асады Паналайды үңгірді Іздемейді тасаны Ол не? «Шаруа мен Аю» туралы орыс халық ертегісімен таныстырады. Балаларға ертегіні толық оқып береді, мазмұнын түсіндіреді. Сұрақ жауап -Ертегі қалай аталады? -Ертегіде қандай кейіпкерлер кездесті? -Шаруаға не келді? -Аю шаруаны қалай</p>	<p>Төрт қанаты бар, Инедей денесі бар. Үлкен бақырайған көзі бар, не екен, кім табар? (инелік)</p> <p>Жапырақтардан жасалған үлгіні көрсетіп талдау жасау және балалармен не жасағысы келетінін таңдау; жапырақтарды өзі жасайтын бейнелерге сәйкес таңдап алады. Орындалу реті:</p> <p>алдымен көбелектің екі қанатын орналастырады; -төменгі қанатын кіші жапырақтардан орналастырамыз; -ортасына ұзынша жапырақты қойып денесін және мұрттарын жасаймыз. Жапырақтарды бір-біріне желіммен немес ермексазбен бекіту жолдарын көрсетіді. Осы тәсілмен инеліктің жасалу жолдары түсіндіріледі. Инеліктің қанатын жасауға жұқа, ұзынша жапырақтар таңдалады. Балаларға таңдауға мүмкіндік беріп, кепкен жапырақтарды көп мөлшерде ұсыну олардың шығармашылықпен әрекет етуіне жағдай жасайды. Табиғи материалдармен өте мұқият, ұқыптылықпен жұмыс жасау қажеттілігі ескертіледі. Балалардың жұмысын қорытындылап,мадақтау.</p> <p>2.Дене шынықтыру Тақырыбы: Отбасымызбен бірге жаттығамыз (Ауада) (негізгі кимылдар) Жүру мен жүгірудің негізгі түрлерін орындау, оларды алмастыру, қарапайым дене жаттығуларымен алмастыру «Танысу» ойын жаттығуы. Өз есімдерін атай отырып, шенбер бойымен бір-біріне доп береді.</p>	<p>-Иә, балалар сендерге жылы сөздерді аталарың, әке, әжелерің аналарың айтады екен. -Ал, осы адамдарды бір сөзбен кімдер деп айтамыз? -Онда бүгінгі оқу іс-әрекетімізде біз кімдер туралы әңгіме қозғайды екенбіз? Балаларды екі орталыққа бөлемін. Бірінші орталықтағы балаларға отбасы бейнеленген суреттерді қарастырып,өздерінің отбасы мүшелерінің қызметтері мен қарым-қатынастары туралы айтып беруді тапсырады. Екінші орталықтағы балаларға бірнеше қуыршақтарды пайдаланып,отбасы мүшелерін топтастыру және олардың отбасындағы туыстық қарым-қатынасын анықтап айтып беру тапсырылады(әңгімелесу барысында амандасу,қоштасу,алғыс айту секілді әдептілік қарым-қатынас мәдениеті мен сыпайылыққа қатысты сөздерді пайдаланады)</p> <p>Сергіту сәті Иіліп оңға бір, иіліп солға бір, Жаттығу жасаймын. Оң аяқ, сол аяқ, оң аяқ, сол аяқ, Жаттығу оңай-ақ. Д/о: «Жылулық тілегі» Ойынның шарты:ойынға қатысушы барлық балалар</p>
---	---	---	--	--

<p>тіпті он қабатты үйге дейін жетеді. Ағаш негізгі үш бөліктен тұрады. Тамыры оны жерге қадап ұстап тұрады және топырақтағы минералды тұздар мен суды сорып алады. Дiңi мен бұтақтары тамыр арқылы алынған шырынды жоғары</p> <p>көтеріп, жапырақтардың өсуіне көмектеседі. Ағаштың бойы мен көлемі ұшар басындағы бұтақтарының таралып өсуіне байланысты болады. Барлық ағаштардың діңі қалың қабықпен қапталған. Ол ағаштардың өте нәзік болып келетін ішкі бөлігін кеуіп кетуден, түрлі зақымданудан сақтайды. Ағаштар жапырақты және қылқанжапырақты болып бөлінеді. Бұталар кішкентай ағаштарға ұқсайды. Бірақ ағаш сияқты оның қалың бір ғана емес, бірнеше жіңішке діңі болады. Олар түбіне барып бірігеді.</p> <p>АҒАШТАР НЕ ҮШІН ҚАЖЕТ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ПАЙДАСЫ ҚАНДАЙ? Ағаштар ауаны тазартады, салқындатады, кейбірі – жеуге жарамды тәтті жемістер береді. Кесілген ағаш – тамаша құрылыс материалы бола алады. кептірілген ағаштың діңінен тақтай, фанера, жиһаз, ойыншықтар мен қағаз жасайды. Ағаштар өте баяу өседі. Сондықтан оларды көздің</p>	<p>тәжірибесі мол,ол-әулеттің тірегі. -Кімнің үйінде атасы,әжесі бар? -Қазақ отбасында ата мен әженің үлесі зор.Әрқашанда отбасындағы шешуші сөз – атанікі.Үйлеріңде әкелеріңнің өздері аталарыңның айтқанын екі етпей орындайды.Солай емес пе? Аталарымыз өз отбасы мен әулетінің ғана емес,ағайын-туыстың да мәселелерін шешіп,ақыл-кеңесін беріп отырады.Әулет ағайын екенін түсіндіреді.Атаның суретін іліп балаларды әңгімелету. Сергіту сәті: Дидактикалық ойын:»Отбасы мүшелерін тап».Отбасын мүшелерін атап буынға бөліп,айту.Ер балалардан үлкен кісілермен аталарымен қалай амандасатынын сұрау.Қорытындылау.</p> <p>3.Сурет салу Тақырыбы: Жаңбырлы күн (Акварель бояу) Мақсаты: . балаларды табиғат құбылыстарын бақылай отырып өз сезімдерін бейнелей білуге үйрету, жаңбыр тамшыларын қағаз бетіндегі жазықтықты дұрыс пайдалана отырып түсіруге жаттықтыру Балалар мен сендерге жұмбақ жасырамын шешуін табыңдар. Тырс-тырс тамады, Тереземді қағады. - Балалар бүгін күн қандай ашық па? Бұлтты ма? Жаңбыр жауып тұрма? - Балалар тақтадағы суретке мұқият қараңдаршы, бұл не? -Түсі қандай? -Жаңбыр жауғанда қандай дыбыс естіледі? Қане тыңдап көрейік</p>	<p>қорқытты? -Олар неге келісті? -Шаруа не екті? -Аюға қай жағын берді? -Келесі жылы Шаруа неекті? -Аю нені білмеді Ертегіні рөлге бөліп ойнату. Балалардың жауаптары. Балалар ертегіні тыңдайды Бала қимылмен, сөзбен қайталап көрсетеді.</p> <p>3.Орыс тілі: Тема: «Что нам осень принесла» Цель: Произносить и различать звуки в словах и фразах. Понимать значение часто повторяющихся слов по лексическим темам. Цель: Произносить и различать звуки в словах и фразах. Понимать значение часто повторяющихся слов по лексическим темам. Появляется Балапанчик. Здоровается с детьми. Принес с собой осенние листья. Проводит беседу, уточняет у детей, в какое время года на деревьях листья разного цвета. Предлагает поговорить об осени. Выучить новые слова. Дети рассматривают листья, вспоминают, называют цвета: <i>желтый, оранжевый, красный.</i> Размышляют, приходят к выводу, что это осень. Как маленький ветер свистит. Как большой ветер свистит? С ветром играют листочки.</p>	<p>Шеңбер жасай отырып, қол ұстасып жүру. Қозғалыс тәсілін өзгерту ұсынылады – қатар тұрғандардың иығына қолын қоя отырып, алақандарын қоса ортаға арқасымен бұрылу. Баяу қарқынмен 2 минут жүгіру; белгі бойынша – жүру, төрттағандап еңбектеуді кезектестіріп орындау. Аталған арақашықтықты сақтау маңыздылығына, қозғалыстың бір түрінен екінші түріне өту кезінде тепетендік сақтай білуге балалардың назарын аудару. Тыныс алу жаттығулары. 5 метр қашықтыққа алға аттай отырып, допты жоғары лақтыру және екі қолмен қағып алу. Нұсқау – допты өзіне қарай қыспай, алдыға қарай ұстай отырып алға-жоғары лақтыру керек. «Бос орын» қимыл ойыны Балалар малдас құрып дөңгелене отырады. Қолына қамшы ұстаған жүргізуші оларды жағалай жүріп, ойыншының бірінің қасына тоқтап, оның жанына жіпті тастайды да, «Бұл жер тар, өзіне басқа орын тап», дейді. Ойыншы қамшыны қолына алып, жүргізушіні тез қуып жетуге тырысады. Ал қашқан жүргізуші босаған орынға отыруы тиіс, сол кезде орнынан айырылған ойыншы ойын жүргізуші болады.</p> <p>3.Апликация:(Заттық апликация) Тақырыбы: Күзгі жапырақтар Мақсаты: қағазды қатпарлап бүктеу арқылы жапырақтың жиектерін иректеп киюды үйрету. Педагог балаларға әртүрлі жапырақтарды таратып береді. Жұмбақ Жиын-терен болатын,</p>	<p>ата,апа,ана,әке,ағаның,ал допты ұстаған бала баланың рөлін ойнайды. Бала допты лақтырған кезде,қағып алған бала(ата,әже,әке,ана,аға) допты кері қайтарып теңеу сөз,жылы сөз,лебіз немесе тілек айтады. Қорытындылау.</p> <p>2.Музыка: Тақырыбы: «Күзгі серуен» Мақсаты: Әнді бірқалыпты табиғи дауыспен мәнерлеп айтуға үйрету. Лирикалық шығарманы қабылдап сезіну, сипаттай білуге баулу. Музыкаға сәйкес қимылдап, билеуге дағдыландыру. Тыңдау: «Күз». (И.Нүсіпбаев, С.Жиенбаев) Ән айту. «Күз» (Т.Қоңыратбай)</p> <p>3. Қауіпсіз мінез-құлық негіздері Тақырыбы: Тамақтану. Мақсаты: «Тамақтану» түсінігінің маңызын ашу. Бала денсаулығын нығайтудағы дәрумендердің алатын орнын көрсету. Шаттық шеңбері Күн,сәуле шашып,жарқырағаның үшін рақмет! Жер,дем беріп,күш қосқаның үшін рақмет! Аспаң,таза ауа бергенің үшін рақмет!</p>
--	---	--	---	--

қарашығындай қастерлеуіміз қажет. Ағаштарды сақтау қажет, оларға қамқорлық пен тіпті, кейде олармен жылы сөйлесу қажет. Ал, көктемге ата- аналарымызбен бірге жас тал егуге қатысуымыз керек.

Сергіту сiтi:
 Әліппе-дәптердегі тапсырмаларды орындату арқылы қорытындылап, балаларды мадақтау.

3.Мүсiндеу: (Заттық мүсiндеу.)
Тақырыбы: Күзгі жапырақ (рельефті мүсiндеу)
Мақсаты: Балаларға күз туралы түсінік беру, күз айларының атауын меңгерту, мүсiндеудің жалпақтау, бедерлеу, шымшу дағдыларын қалыптастыру.
 Шаттық шеңберіне тұрып бір-біріне жақсы лебіздер айтқызу. Педагог балаларға күз мезгілінің басқа мезгілдерден қандай ерекшелігі бар екенін айтады.
 -Балалар қазір жылдың қай мезгілі?-күз
 -Күз мезгілінің қандай ерекшеліктерін білесiңдер?
 Иә дұрыс айтасыңдар. Айналаның барлығы жапырақтар, сап-сары алтынға ұқсайды. Сондықтан біз күзді «Алтын күз» деп атаймыз. Күз суреттерін көрсету.
Күзгі жапырақтар өлеңін оқу
 Алтын, сары, қызыл, көк...
 Алуан-алуан жапырақ.
 Күзгі бақта күлімдеп,
 Көз тартады атырап.
 Күн шуақта маужырап,
 Жатыр енді атырап
 Ағаштардан жамырап,

Жетекші столдың үстін саусақтарымен тырсылдатып жаңбыр дыбысын бейнелейді. Көркем сөз оқып беру. Жаңбыр жаңбыр жауады, Бәрін суға малады. Біз қарындаш аламыз, Тамшыларды саламыз. Балалар жаңбыр жаумас бұрын алдымен аспанда не пайда болады?
 - Олай болса алдымен қағаз бетіне бұлтты салып аламыз. Бұлт қоюланғанда түсі сұр болады. Енді жаңбыр тамшыларын қағазға былай түсіреміз(салу тәсілін көрсетеді) Губканың бұрышын ақ түсті бояуға батырып алып, бір рет бастыру арқылы тамшы бейнесін түсіреді.
 Қылқаламмен сүйкей жағып, дақтар түсіру тәсілімен де орындауға болады. **Сергіту сәті:** Қағаз бетіне біркелкі шашырата салу қадағаланады. Жұмыстарына басшылық жасалады. Аяқтаған жұмыстарын ауызша бағалау.

4.В.к Ұлттық ойындар.
Тақырыбы:
«Аңшылар мен қояндар»
Мақсаты:
 Ойынның үстінде шартын бұзбай ойнауға, жолдастық көмекке тәрбиелеу.

Они начинают шелестеть. Вот так: «Ш-ш-ш»
 Дети повторяют, стараются правильно произносить звуки.
 Тихо: «С-с-с»
 Громко: «С-с-с»
Задание №1
 Рассмотрите картинку. Назови время года. Расскажи о признаках осени.
Физминутка «Листочки»
 Мы листики осенние,
 На ветках мы сидим.
 Дунул ветер – полетели.
 Мы летели, мы летели
 И на землю тихо сели.
 Ветер снова набежал
 И листочки все поднял.
 Закружились – полетели
 И на землю тихо сели.
Задание №2.
 Найди и соедини одинаковые листочке. Раскрась их. Дети выполняют задание в азбуке – тетради.

4.Музыка:
Тақырыбы: «Күзгі серуен»
Мақсаты: Өнді бірқалыпты табиғи дауыспен мәнерлеп айтуға үйрету. Лирикалық шығарманы қабылдап сезіну, сипаттай білуге баулу. Музыкаға сәйкес қимылдап, билеуге дағдыландыру.
Тыңдау: «Күз».
 (И.Нүсіпбаев, С.Жиенбаев)

Қамбаға астық толатын.
 Қызыл қырман ойнайтын,
 Қай мезгіл деп ойлайсың?
 (Күз)
 Суреттер бойынша күз мезгілінің ерекшелігі мен ағаш жапырақтарының түрлерін әңгімелеу.
 -Күзде табиғатта қандай өзгерістер болады?
 -Күзде неге «Жомарт күз», «алтын күз» деп атаймыз?
Сергіту сәті:
 Балалық-ау, балалық!
 Кел, бір ойнап тарайық!
 Бірім, бірім, бірім деп,
 Саусақты да санайық!
 Көзді тас қып жұмайық,
 Кім түрткенін табайық!
 Кел, жарыса шабайық!
 Педагог жапырақтардың кию әдісін көрсетіп, емен және тал ағаштарын күзгі жапырақтармен әсемдейміз. Балаларды топпен жұмыс жасауға үйрету.

4.В.к Ойнаймыз, ойлаймыз.
Тақырыбы:
Суретпен жұмыс
Мақсаты:
Суреттегі заттарды салыстыру, олардың айырмашылықтарын таба білу.
Сергіту сәті.
 Жаңбыр жауды — тырс²,
 Боран соқты — гу²,
 Жел тұрды — ыли²,
 Найзағай ойнайды — тарс-тұрс.
 Есік сықырлап ашылып Ақкөгершін ұшып келеді.
 Ақ көгершін сәлеметсiңдер ме балалар?
 Сендерге Жер ана хат беріп жіберді.
 Ауа-райы жауын шашын болмай тұрғанда, басқада хаттарымды

Су, өмірдің нәрі болғаның үшін рақмет!
 Балалардың назарын суретке аудару.
 -Олардың ішінде қайыссы саған таныс?
 -Қандай азық-түлік дайындалған?
 -Тағы қандай тағамдарды білесің?
ет асу, бауырсақ, қазы, шұжық, қымыз.
Дұрыс тамақтанбау-
 дәруменнің жетіспеуіне әкеліп соғады. Бұл жағдай бастың ауруына, ұйқының нашарлауына, терінің құрғауына әсерін тигізеді. Адам жүрген кезде еңтігіп, тез шаршайды. Қимыл-қозғалыс белсенділігі төмендейді. Тамақты жеткіліксіз немесе артық мөлшерде ішу ағза үшін зиян. Балалардың күнделікті тағамында жеміс-жидектер, дәрумендер көп болуы тиіс. А дәрумені алма мен сәбізде көп болады, ол көздің көруін жақсартады. Орамжапырақ та С дәрумені көп, оның көмегімен тістерің мықты және әдемі қалпында сақталады. Салат жапырағында болатын В дәрумені ұйқыны жақсартып, көңіл-күйді көтереді. Адам белгілі мөлшерде күніне 4 рет уақытылы тамақтану

Ұшты кенет жапырақ.
Ой, алақай, тамаша!
Шашу шашты жапырақ.
Бақтың іші алаша,
Аунар ма еді, жатып ап!
(Қ.Шаңғыбаев)
-Ал қазір жапырақтарды
мүсіндейміз.
1. Бір кесек ермексазды
алып, алақанымызға салып
домалақтаймыз.
2. Домалақ ермексазды
алақанымызға салып басу тәсілі
арқылы
жалпақтаймыз. Ермексазды
қатты қағаздың үстіне
қойып, үлгі қалыптың шетін
кескішпен бастырып, кесеміз.
-Ал енді жапыраққа ұқсады ма?
Сергіту сәті:
Балаларды
қорытындылап, мадақтау.

4. Дене шынықтыру
Тақырыбы: Әкем, анам және
мен! (негізгі қимылдар)
Мақсаты: Екі аяқпен
жасалатын жаттығулар.
Гимнастикалық сатымен
өрмелеу – қол мен аяқты
үйлестіре қимылдатуға назар
аударылады (алма-кезек қадам).
Қауіпсіздік техникасын
ескертеді: қимыл-қозғалысты
бірқалыпты, асықпай орындау;
тақтайшалардан аттап кетпеу,
сатыдан секірмеу. Сақтық
шараларына көңіл бөлінеді.
Спортзалда түрлі қозғалыс
тәсілдерін қолдана отырып
музыка үнімен жүреді; музыка
аяқталғанда балалар тез жұбын
тауып, барынша бойын созып
аяқтың ұшымен тұрады. Нұсқау
– іш бұлшық еттерін тартып,
алға көз тастау, аяқты тік

Ән айту. «Күз»
(Т.Қоңыратбай)

жеткізуім керек. Сау болыңыздар!
Балалар жер ананың хатын ашып
көрейік, онда не жазылған екен?
Бізге Жер ана жұмбақтар жіберіпті,
дұрыс жауабын тапсақ біздерге
сыйлығы бар екен.
Жұмбақ жасыру.
Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек
шашылды.
Күнді жабады,
Жаңбыр болып жауады. (бұлт)
Тырс-тырс тамады
Жерге су болып ағады (жаңбыр)
Ал мына жұмбақтардың жауаптарын
тақтаға ілейік. Жарайсындар!
Ойын: «Күн мен түн».
Шарты: балаларға «күн» дегенде,
олар қолдарын ашып, дөңгелек
жасайды, ал «түн» дегенде, олар
ұйықтаған болады.
Ұжымдық жұмыс.
Жаңбыр тамшыларын бояу.
Кейбір табиғат құбылыстары
жылдың белгілі бір уақытында ғана
болып тұрады. Жылдың 4 мезгіліне
байланысты табиғатта өзгереді.
Мысалы: Жаңбыр, бұршақ, қар
жауады. Жел, боран соғады. Осының
барлығы табиғат құбылыстары.
–Бүгінгі ұйымдастырылған оқу
қызметіміз жақсы тілекпен
аяқтайық. Әрқашан күн сөнбесін!
Ауамыз да таза болсын! Суымыз
тұнық болсын!

қажет.
»**Сүйікті тағамым** «
ойыны. Дәптермен
жұмыс. Қорытындылау.
4.В.к Логика әлемі.
Тақырыбы:
Уақыт реттілігін анықтау.
Мақсаты:
Уақыттық түсініктерді
дамыту: оқиғалардың
реттілігін анықтау
іскерлігін қалыптастыру.
Шаттық шеңбері:
Сәлеметсің бе, алтын күн,
Сәлеметсің бе, көк аспан.
Сәлеметсің бе жер - ана,
Сәлеметсің бе достарым!
1 - тапсырма: 1 - ден 5-ке
дейін тура және кері санау;
суреттерді санау.
2 - тапсырма: Жолақшамен
жұмыс. 1 - ши жолақшаға
5 тиін қою. 2-ші
жолақшаға 1 - ден 5 - ке
дейінгі сандарды ретімен
қою.
3 - тапсырма:
Геометриялық пішіндерді
атау.
Д/ойын: «Қай зат қандай
пішінге ұқсас»
Сергіту сәті:
4-тапсырма 5 санын жаз.
5-тапсырма көршісін тап.

	<p>жазып аяқтың ең ұшына тұруға тырысу.</p> <p>Аяққа массаж жасау Б.қ. – малдас құрып отыру 1) Балалар сол жақ табанын өзіне қарай тартып, башпайларын укалайды, олардың арасын сипалап, башпайларды бүгеді. Өкшеге саусақты қатты батырып, табанды ысқылайды, башпайларды, өкшені, табанның дөңес жерін шымшылап, шапалақтап ұрғылайды.</p>				
Серуен, бақылау	<p>Картотека №1</p> <p>Емдік шөптерді бақылау.</p>	<p>Картотека №2</p> <p>Күз көріністерін бақылау.</p>	<p>Картотека №3</p> <p>Тастарды бақылау</p>	<p>Картотека №4</p> <p>Жапырақтардың түсуін бақылау.</p>	<p>Картотека №5</p> <p>Гүлзарды бақылау.</p>
Баланың даму картасы	<p>дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтқызу.</p>	<p>тәулік бөліктерін: таңертең, күндіз, кеш, күндер: бүгін, кеше, ертең, жылдам, баяу ұғымдарын атау, өзіне қатысты кеңістіктегі заттардың орналасуын анықтай алу.</p>	<p>орыс тілінде 5-ке дейін тура және кері санай біледі;</p>	<p>бірнеше бөліктерден тұратын заттарды орналастырады және желімдету.</p>	<p>тіршілік иелеріне аяушылық, жанашырлық таныту.</p>
Балалардың үйіне қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-ана сұрақтарына жауап беру, кеңес беру				